

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Ақ сүт көл оның анасы [7, 47].

Дәулеткерей Кәпұлының «Біз Алтайға барғанда» өлеңінде Күлтегін мен Тоныкөк заманына аңсар, сағынышы байқалады.

Біз Алтайға барғанда шілде басы – шіліңгір,
Басын иіп қарсы алды бұраң белді шырын гүл.
Күннің астын билеген Күлтегіннің күмбірін
Естігендей тулады жүрегімде құлын-жыр [6, 18].

Өткенге деген сағыныш, Алтайға деген махаббат осы өлең жолдарымен үндеседі. Біртоп аға-бауыр өнерлерін айта отырып Алтай табиғатымен ұштастырады.

Қорытындылай келе, Дәулеткерей Кәпұлы поэзиясындағы Алтай рухы, Алтай ұғымы ақынның әр поэзиясының мазмұны мен мәнінен айшықталып тұрады. «Алтай» концептісі қазақ әдебиеттануында зертталіп келе жатқан тақырып болғанымен поэзиядағы орны мен рөлі кеңінен талданған жоқ. Біз әдебиеттанудағы талдау, жинақтау, әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, Дәулеткерей Кәпұлының поэзиясындағы «Алтай» ұғымының қолданысын зерделеп, зерттеп көрдік. Поэзиядағы түркі баласының алтын бесігіне айналған Алтай тауы ұғымы әлі де өз жалғасын таба бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бияров Б. Қазақ тапонимдерінің типтік үлгілері. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.
2. Асқаров Ә. Алтай. Алтын бесік, ата жұрт: Тарихи-танымдық тұрғыдағы саяхат (сафари) жазбалары /... – Астана: Фолиант, 2009. - 296 б.
3. Потапов Л.П. Шаманский бубен – уникальный памятник духовной культуры тюркских народов Алтая // Этнографическое обозрение. – 1997. – № 4. – С. 25-40.
4. Ыбыраев Ш. Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер – Алматы : Баспалар үйі, 2009. - 500 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 2013.– 376 б.
6. Кәпұлы Д. Маралтамыр: өлең, толғаулар, поэма. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 160 б.
7. Маадай-Кара: Алтайский героический эпос / Поэтический перевод А. Плитченко. – Горно-Алтайск. – 1979. – 273 с.

ӨОЖ 17.2

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР МЕН БАЯНДАУ БІРЛІГІ

Жорашова Айжан Маратовна

ayzhan.zhorashova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының 1-курс докторанты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. С. Айтуғанова

Баяндау, әңгімелеу өте ертеден келе жатқан айтылым дағдысы. «Биікте көк Тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған» деп ертеден шешендікті жанына серік етіп, көзсіз батырлықты келер ұрпағына насихат еткен түркі халықтарының бірі – қазақ халқы баяндау, әңгімелеуді жетік меңгеріп, сөз өнерін бойына сіңірген жасампаз халық.

Айналадағы әсемдікті сезініп суреттеу, бір нәрсенің жайын сипаттау, болған оқиғаға қатысты өз пікірін пайымдау, басынан өткен қызықты оқиғаны әңгімелеу, жол жүріп көрген, білгенін баяндау мұның барлығын күнделікті тіршілікте кез-келген адам жасай алады. Себебі адам бойындағы бес сезім мүшесінің жәй күйін тек тіл ғана жеткізе алады. Тіл – ойдың

шындығы. Ал сөз өнерінде жоғарыда аталған қызметтің барлығын бір ғана тұлға атқарады. Ол – автор.

XX ғасырдың басында туындаған автор теориясына қатысты мәселелер әлі күнге дейін зерттеп, саралауда өз маңызын жоғалтқан жоқ. Көркем мәтіннен тысқары тұрған биографиялық автор мен көркем мәтін ішіндегі автордың арақатынасына қатысты зерттеулер баршылық. XX ғасырдың екінші жартысында постструктуралист ғалымдар биографиялық автор мен мәтін ішіндегі автордың аражігін мүлдем ажыратып «автор өлімі» (Р.Барт 1968) концепциясын да ұсынған еді. Алайда, көркем шығарманы жаратушы авторды көркем мәтін ішіндегі автордан мүлдем бөліп алып қарастыру қисынсыз секілді. Қалай болғанда да ол бойындағы өнерін сарп етіп, қағаз бетіне түсіріп оқырманды өзі жасаған көркем әлемге жетелеуші тұлға.

XX ғасырдың екінші жартысында мәтін ішіндегі автор ұғымына қатысты «автор бейнесі» (В.Виноградов), «концептіленген автор» (Б.Корман), «имплицитті автор» (У.Бут), «абстракттілі автор» (В.Шмид) т.б. терминдері пайда болды. Бұл терминдердің аталуында айырмашылық болмаса негізгі қызметі бір деп айта аламыз. Ол – көркем шығарманы жасаушы тұлғаның оқырман санасындағы қалыптасқан бейнесі. Әрине ол әр жазушының шығармашылығында әртүрлі көрініс табады. Себебі, бұл мәтін ішіндегі автор категориясының көрінісі. Мәтіндегі автор категориясын жасаушы бірден-бір тұлға нарратор, яғни баяндаушы немесе әңгімелеуші. Біздің бұл мақаладағы мақсатымыз көркем шығармадағы автор мен нарратордың бірлігін саралау.

Белгілі ғалым Т.У. Есембеков: «Автор мен нарратор арасындағы бірден байқалмайтын жасырын байланыстар болады. Бұл екі тарап бірде біріккендей болса, кейде қарсылас болып көрінуі мүмкін» [1;76] – дейді. Әрине автор мен нарратордың арақатынасын ажыратып олардың бірлігін дөп басып табу оңай шаруа емес екендігі анық. Себебі, көркем туынды – тұтас бір аяқталған эстетикалық әлем. Онда автордың айтпақ болған негізгі ойы, көзқарасы, позициясы, оқиғасы суреттеледі. Алайда, автор қаншалықты эстетикалық көркем әлемнен тысқары тұрса да бейсаналы түрде еріксіз өз болмысы туралы хабардар етіп тұратын сәттер де болатынын жоққа шығара алмаймыз.

«Қаламгердің жеке өмірінің, сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік болмыстың деректерінің оның шығармаларында көрінуі, бейнелену, суреттелуінің әрқилы болатынының себебі көп. Өз өмірінің өзіне қымбат кейбір көріністерін автордың өзінің сүйікті кейіпкерлеріне «сыйлауы» жиі болмаса да кездесіп тұрады. Мысалы, Гетенің Вертер атты кейіпкеріне өз өмірінің біраз деректерін «сыйға» тартқанын жазушының биографтары нақты деректермен дәйектеген» [1;77]. Жазушылардың мұндай әрекеті шығармашылық процесте болатын қалыпты жағдай деп білеміз. Себебі, әдебиет – өмірдің айнасы. Шындығында көркем әдебиеттегі образдар жүйесі, кейіпкерлердің барлығы өмірден алынады. Қазақ әдебиетінің классигі, ойшыл суреткер Ғ.Мүсіреповтің тағылымды сөзінде: «Асылы, адам өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп, өрнектеуге еңбек етеді» [2;8] деген болатын. Мәселен, көптеген оқырманның жүрегіне жол тапқан С.Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасындағы нарратор, әңгімеші мен автордың бірлігін саралап көрейік. Әңгімелеушінің есімі еш жерде айтылмайды. «Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан: жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрете жүгіретін, шілбиген арық ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, ес қалмай далбақтай жүгіріп келе жатқан Аянды көргендей болам» [3] – деп оқиғаны бастан аяқ әңгімелеп отырған бас кейіпкердің бірін әңгімелеушіні көреміз. Бас кейіпкер Аянның ауылға келген сәтінен бастап, балалар үйіне аттанған сәтіне дейін онымен бірге болып, оның жай-күйін, ішкі сезімін, қуанышы мен қайғы жұтқан кездерін көріп, сезініп оқырманға жеткізетін тұлға – әңгімелеуші. Автор өзінің балалық шағындағы ерекше оқиғаны әңгімелеуді сол тұлғаға тапсырғандай. Сонымен қатар, сол тұлғаның өзі шығармадағы басты кейіпкердің біріне айналып отыр.

2016 жылы «Жетісу» арнасында «Болмыс» атты бағдарламада С.Мұратбековтың 80 жылдығына арналған түсірілім болды. Бағдарламаға арнайы шақырылған қонақтың бірі –

«Жусан иісі» шығармасындағы бас кейіпкер Аянның прототипі Науқан Кәрімов. Кеш қонағы өзінің кейіпкер Аянға айналғанын білген емес. Тек 10-сыныпта оқитын Нұржанат атты қызы колхозға келген жазушымен кездесіп, қолтаңба алғанда «Аянға прототип болған Науқан бауырымның қызына 06.05.1999 ж.» [4] деген жазба қалдырған. Сұхбат барысында Науқан қарияның бала кезінде көп қиындық көргенін, мектепке тек он жасында барғанын, басқа балаларға қарағанда тағдыр тауқыметін ерте тартқаны, әдебиетті өте жақсы көріп халық ауыз әдебиетін сүйіп оқитындығы туралы айтылады. Кеш құрым сәтте қора үстіндегі шөпте жиналып ертегі, қызықты әңгімені көп айтатындарын және жалғыз өзі емес басқа балалардың да ертегі айтатындығы туралы сөз етеді. Ең қызығы шөпті шашып, ұрыс естіген кездерінде барлық бала қашып Науқан қария ең соңында қалып қойып, таяқ жеген кездері де болғандығын айтты. «Жусан иісін» оқыған оқырман қарияның айтқан әңгімесімен салыстырғанда кейбір эпизодтардың дәлме-дәл келіп, кейбірін жазушы өзі жасаған көркем суреттеудің жемісі екендігін көре алады.

Жазушы бала кезінде Науқан досына « - Әй, Науқан, сенің өмірге деген көзқарасың жақсы. Сенің келешігіңнен бір нәрсе шығатынына сенемін...» [4] деген секілді тілек сөздерін де айтқан екен. Себебі, жазушы мен кейіпкердің жас ерекшелігі шамалас болса да одан үш-төрт сынып бұрын оқыған. Сол арман, тілек керемет бір шығарманың шығуына арқау болғандығы анық. Шығарма соңында: «Шынында да бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына нендей мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса Жусандытөбеге бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой.» [3] деп аяқтайды. Шығарманың кейіпкеріне айналған әңгімелеуші мен автор арасында ешқандай байланыс жоқ деп айта алмаймыз. Керісінше, әңгімелеушіге автор бала кезіндегі естеліктерді сеніп тапсырып қойғандай. Кейбір оқиғаларды, эпизодтар мен детальдарды көркемдеп, ажарлап тұтас бір дүние жасаған.

«Автордың көркем мәтіндегі ақтарыла, егіле, төгіле сөйлеуіне көп нәрсе байланысты. Суреткерлік – ұлт, қоғам, ұрпақтың тағдыр талайына енжар қарай алмайтын елгезектік пен ол жайында ой бөліспей отыра алмайтын сыршылдық пен сезімнен тұратын өнер деп саналып келеді.» [1;104] – дейді ғалым Т.У. Есембеков. Сыршылдық пен сезімнен тұратын С.Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасында автордың әңгімелеуші тұлғасымен бірігіп балалық кезеңіндегі ерекше оқиғамен ой бөліскендігін, соғыс кезеңіндегі ауыл балаларының әлеуметтік жағдайы мен басынан өткен қиыншылықтарын, қаншалықты қиын болса да, қызықты сәттеріне деген сағыныш сезімдерін суреттеген шығарма. Қанша оқыса да оқырманын жалықтырмайтын туындыда нарратор кейіпкердің бірі бола отырып, бас кейіпкер Аянмен тең дәрежеде жүреді. Аянға деген аяушылық сезім, мейірімділік әңгімелеушінің диалог, монологтерінен көрініс табады. Бұл сезім призмасының ар жағынан автор болмысын да көре аламыз. Себебі, автордың шынайы өмірде өте мейірімді, мінезі жұмсақ болғандығы туралы деректер де аз емес.

С.Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасымен тақырыптас, тіпті кейіпкерлерінің тағдырында да ұқсастықты табуға болатын шығарма – О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі. Әңгіменің бас кейіпкері – Тортай. Ата-анасынан ерте жетім қалып, білім алып, оқуға түсуді армандаған Тортай тағдыры оқырманды бейжай қалдырмайды. Бұл әңгімедегі нарратор, яғни әңгімелеуші кейіпкер – Ораш. Көркем мәтінде автор мен нарратор тұлғасының бірлігі айқын көрініс тапқан деп айта аламыз. Себебі, Тортайдың үлкен ізгі арманы болды, ақ боз атқа міну. Ақ боз ат мәтінде символдық мәнге ие болған. Шын мәнінде кейіпкер Алматыға оқуға түсіп, жазушы болуды армандаған. Алайда Тортайдың ол арманы жүзеге аспады. Өз арманының жүзеге аспайтындығын да Тортай сезген секілді. Күзде барлық бала мектепке оқуға кеткенде фермада бұзау бағып қалған Тортай ғана болды. Кетерінде Орашқа «Мен үшін де оқы, бәлкім, мен мінбеген ақ боз атқа сен мінерсің» [5;240] – деп қоштасып еді. Ораш оған өз ақ боз атын сыйға тартатынын айтқан. Арада көп уақыт өткеннен кейін екі кейіпкер қайта кездеспек болды. « – Жо-жоқ, о не дегеніңіз, тәте, маған осы босаға да жетеді, әншейін Ораш келді деген соң, амандасайын деп баяғыда... бала кезде бірге өстік... талай рет бұзау жайып едік; енді міне ел таныған азамат болды... айып етпеңіз, мен қазір кетемін, тәте... Ораш келді

деген соң... жалғыз ұлың ғой, құдай қуат берсін... бізді қойшы... біз ондай үлкен кісілердің садағасымыз ғой... рақмет тәте, тамақ ауыз тиейін; осы құрғырды жақпаса да баз-базында ішіп қоятыным бар...ал, тәте, Ораштың аман жүрсін... атағы аспандай берсін... қол қойдырып алайын деп, мына бір кітабын қойныма тыға келіп едім, тағы да соғармын... малдан қол тие бермейді...» [5;241] деп жалғаса беретін Тортайдың өзімен-өзі сөйлесіп, дабырлаған әңгімесінен оның сол баяғы бала Тортай қалпынан айнымаған ақ көңіл жанды көруге болады.

Әңгіменің басында нарратор есімі айтылмайды, тек шығарма соңында ғана Тортайдың диалогінен «Ораш» деген есімді бірнеше мәрте қайталап айтуын, яғни әңгімелеуші нарратордың Ораш екендігін білеміз. Сонымен қатар, «ел таныған азамат», «жалғыз ұлың ғой», «атағы аспандай берсін», «қол қойдырып алайын деп мына бір кітабын қойныма тыға келіп едім» деген кейіпкер сөзінен әңгімелеуші тұлғаның авторға тікелей қатысы бар, автордың өз болмысы туралы айтылып тұрғандығын көруге болады. Қаламгердің отбасында жалғыз ұл, әпкесі мен қарындастары болғандығы туралы оның естеліктерінен, өмірбаянынан білеміз. Сондай-ақ қаламгердің 2013 жылы шыққан таңдамалы шығармалар жинағында Қара теңіз жағалауындағы санаторийден қарындасы Ғалияға жазған хаты берілген. Автордың өз қолымен жазылған хатында қарындасының амандығы сұралып, өзінің емі туралы сөз етіледі. Хат соңында «Сәлеммен, Ораш. 19.V.87 ж.» [5;219] деп жазылған. Ораш, яки жазушының өз есімінің қысқартылып берілген нұсқасы. Әңгімедегі нарратор Ораш пен автор Оралхан Бөкейдің аражігі қаншалықты алшақ?! Керісінше алшақтықты емес тұтастықты көруге болады, себебі «ел таныған азамат» әрине қаламгердің өзі.

Шығарма соңында нарратор әңгімені: «Мен сұлап жатқан орнымнан белім кеткендей тұра алмадым. Шынымды айтсам, ұялдым – Тортайдан ұялдым. Батылым бармады. Бет-жүзім шыдамады. Сонда ғана менің есіме «баяғыда бір жетім бала болыпты...» деп басталатын ертектің қалай аяқталары оралды. Е-е, осылай аяқталады екен ғой, осылай...

Тортай мінер ақ боз ат ... менің тақымымда кеткендей еді... иесіне қайтаруға кеш еді...» [5;241] деп аяқтайды. Бұл әңгімені қаламгер бала кездегі Ораштың атынан әңгімелеп тұр. Тортайға сыйға тартпақ болған ақ боз аттың шынында өзіне тиесілі болғаны үшін ұялғандай кейіпте. Тортай өзгермеген, сол бұрынғы ақ көңіл жан. Ал, Ораштың онымен бетпе-бет кездесуге дәті шыдамады. Себебі, ол Алматыда оқып, жазушы атанған жас қаламгердің бейнесінде суреттелген. Тортай бала күнгі досына ешқандай реніш кейіпін көрсеткен жоқ. Керісінше оның ауылға келгенін естіп, қуана жүздесуді ойлады, бала күнгі естеліктерді еске түсіріп, қолтаңба алғысы келді. Ораштың оның алдында дәрменсіз күйде болуы, ар-ұятының жібермеуі жазушының адамгершілік туын биік қоятынын көрсетіп тұрғандай. Мүмкін ол бетпе-бет жүздесуге шыққанда шынайы әңгіме болмас па еді. Оның бетіне өтірік күлімсіреп, дым болмағандай қайта әңгімелесуге оның шыдамы жетпес еді. Бұл әрекеті арқылы Ораштың шынайы болуды мақсат еткен бейне екендігін көруге болады. Әңгімені жазу арқылы суреткердің Тортай тағдырына енжар қарай алмайтынын, ол жайында ой бөліспей отыра алмайтынын, сыршылдығымен оның алдында өзіндік парызын орындағанын көре аламыз.

Көркем шығармалардың барлығында автор мен нарратор арасындағы байланыс ерекше көрініс тауып, өзіндік бірлігі болады деп айтудан аулақпыз. Әр шығарманың жазылу тарихы мен автордың жаратқан көркемдік әлемі бар. Кейде автор мен нарратор арасында ешқандай байланыстың да болмауы мүмкін. Себебі көркем шығарма қатып қалған қатаң формадан тұрмайды, ол шығармашылық процестің нәтижесінде дүниеге келетін сөз өнері. Автор баяндауда неше түрлі амалдар мен тәсілдер арқылы өзіндік миссиясын жүзеге асырады. Кейде саналы түрді нарратормен тұтасып, бір қызмет атқарса, кейде бір-бірінен алшақ болып эстетикалық әлемді тек ұйымдастырушы болып отырады. Олардың аражігін саралау алдағы жұмыстардың еншісінде деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Есембеков Т. Көркем мәтін теориясы мен поэтикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. - 278 б.

2. Ғабит Мүсірепов. Көркем сөз жанның сәулесі. Қанатты сөздер жинағы. Құрастырған Е. Шаймерденұлы. - Астана, 2012
3. <https://egemen.kz/article/100797-sayyn-muratbekov-zhusan-iisi-povest>
4. Болмыс ток-шоуы "Жусан иісі аңқыған жазушы" (17.10.2016) Сайын Мұратбеков. <https://www.youtube.com/watch?v=0wPJEm7h2Iw>
6. Бөкей О. таңдамалы шығармалары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013. - 1032 б.

УДК 12.07

ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА «СЕРДЦЕ» В ЛИРИКЕ СЕМЕНА ДАНИЛОВА.

Иванова Айсена Павловна

avsena03@icloud.com

студент 4 курса, Северо-Восточный Федеральный Университет им. М.К. Аммосова,
г. Якутск, РФ

Научный руководитель: Попова Матрена Петровна к.ф.н, доцент СВФУ

С начала 1990-х годов понятие «концепт» закрепилось в отечественной и зарубежной гуманитарной науке. В отечественном литературоведении художественный концепт был введен и изучен исследователем С.А.Аскольдовым. Он дает определение концепту следующим образом: «Художественный концепт чаще всего есть комплекс сочетаний понятий, представлений, чувств, эмоций, иногда даже волевых проявлений» [1]. Так, на современном этапе развития якутской литературы имеются значительные исследования в этой области, но, несмотря на это, одной из актуальных задач является изучение художественного концепта «сердце» в произведениях якутского классика Семена Петровича Данилова. Этот концепт в творчестве данного поэта до настоящего времени не выступал объектом исследований в якутской литературе.

Концепт «сердце» выступает одним из самых важнейших национально-культурных концептов. Он также является одним из ключевых концептов языковой картины мира. Он символизирует центр человека - как биологический, так и духовный, т.е. функционирование данного концепта в языковой картине мира отражает дуалистичность природы человека. Именно концепт «сердце» в наибольшей мере выражает антропоцентризм языка [3].

Имя якутского народного поэта Семена Петровича Данилова стоит в ряду с крупнейшими мастерами художественного слова страны. Он мастерски владеет стихом и умеет наполнять лирическое раздумье глубоким философским смыслом.

Методом выборки нами были рассмотрены всего 39 стихотворений Семена Данилова со словом «сердце». Эти стихотворения мы систематизировали на четыре смысловые группы, так, проведенный анализ показал, что концепт «сердце» используется в стихотворениях как:

1. Показатель внутреннего состояния человека-25 произведений:

А) Чувства-5 стихотворений. Например в стихотворении «Мин Рассулдьэтигэрсыйттым» («Я посетил дом Рассула») говорится о том, что родной дом греют искренние и светлые чувства, таящиеся в сердце домочадцев:

Аал уоту оттон дуу,
Таптыыр сүрэбин сылааһын дуу
Алаһа дыэтин сылытар.
(Сжегши священный огонь ли
Тепло любящего сердца ли
Греет родной дом)

Б) Эмоции – 10 стихотворений. Такой случай наблюдается в лирическом произведении «Олус да мин баҕарабын...» («Хочу я очень...»), где повествуется о предназначении автора оставлять потомкам драгоценный опыт, воодушевлять и вести за собой молодых людей, например:

-Ыччат сүрэбин уматар